



«СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘТІМ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТІ» КсАҚ

**«ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ» САБАҚТАРЫНДА АҚПАРАТТЫҚ
ӘДІСТЕР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАР Т1, Т2»
ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСЫНЫҢ
ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

СЕМЕЙ, 2024

МАЗМҰНЫ

- 1) Жалпы ережелер;
- 2) Глоссарий;
- 3) Бағдарламаның тақырыптық мазмұны;
- 4) Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері;
- 5) Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны;
- 6) Оқыту үрдісін ұйымдастыру;
- 7) Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі;
- 8) Оқу нәтижелерін бағалау;
- 9) Курстан кейінгі сүйемелдеу;
- 10) Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі.

1) Жалпы ережелер

Білім беру ұйымдарында қазақ тілі мен әдебиетін оқыту барысында теориялық және тәжірибелік ғылыми білім негіздерін меңгерумен ғана шектелмей, оқу үрдісінде білім алушылардың шығармашыл әлеуетін дамыту, бәсекеге қабілетін арттыру, ақпаратты өзі іздеп тауып өз тәжірибесінде қолдана білуге үйрету қажеттілігі өмір талабы болып отыр. Аталған қажеттіліктердің оқыту үрдісінде іске аспауы қалыптасқан дәстүрлі оқыту жүйесі мүмкіндігін шектеулі екендігімен түсіндіруге болады. Бұл мәселе тек оқыту үрдісінде оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру арқылы шешімін таппақ. Білім алушылардың тілдік білімі мен өмірлік дағдыны жеңіл игеріп, олардың өзіндік ойлау қабілеті мен дербес қиялын дамытып, өз пікірлерін білдіруге, шешім қабылдауға бағытталған жаңа оқыту технологиялары мамандар үшін маңызы жоғары.

Қазіргі білім беру саласында кәсіби тұрғыда қызмет көрсету, ғылыми ізденістер мен зерттеулерді тәжірибеде қолдан білу, теориялық негіздерді практикада ұштастыру педагог мамандарға қойылатын талаптардың бірі. Білім беру үрдісінде заманауи әдіс-тәсілдерді енгізу білім жүйесін толығымен ақпараттандырып, оқыту деңгейін жоғарлатады.

Ұсынылып отырған біліктілік жетілдіру курсы қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануға және тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерін арттыруға бағытталды.

2) Глоссарий

Әдістеме – педагогика ғылымының жеке пәндерден берілетін білім көлемі мен мазмұнын негіздеп, оны оқытудың тиімді әдістерін зерттейтін бір саласы. Тұтасынан алғандағы жас ұрпақты тәрбиелеу мен оқыту процесінің заңдылықтарын дидактика зерттейді. Ол заңдылықтардың жеке пәндерді оқытудағы көрінісін және әр пәнді оқытудың өзіне ғана тән заңдылықтарын пәндік дидактика қарастырады. Бұлардың әрқайсысына тән өзіндік ерекшеліктеріне байланысты оқыту Әдістемелері бар.

Білім беру мазмұны – жан-жақты үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыруға бағытталған, педагогикалық адаптацияланған білім, іскерлік, дағдылардың, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен эмоционалдық-жігерлік қатынас тәжірибесінің жиынтығы немесе жүйесі.

Мемлекеттік білім беру стандарты – мемлекеттік нормалар деп танылған және қоғам сұраныстары мен тұлға қажеттігі мен мүмкіндіктеріне сай білім деңгейін анықтайтын негізгі көрсеткіштер жүйесі.

Оқу жоспары – оқу жылының, тоқсандардың, демалыс күндерінің мерзімін, оқытылуға тиісті оқу пәндерінің тізімін, әрбір оқу жылы /сыныптар/ бойынша оқу тәртібін және ретін, әрбір пәнге бүкіл оқу мерзімінде және апта сайын әр пәнге бөлінетін сағаттардың мөлшерін анықтайтын нормативтік құжат.

Оқу бағдарламасы – оқу пәніне байланысты білім, іскерлік, дағдылардың мазмұнын ашатын нормативтік құжат. Оқу бағдарламасы оқу жоспары негізінде жасалады.

Оқыту – оқушыны білімдендіру, тәрбиелеу, дамыту мақсатына бағытталған алдын – ала жоспарланған іс - әрекет. Оқыту - қазіргі заман талаптарын ескере отырып, оқушы тұлғасын, білім, іскерлік, дағдыларды меңгерте отырып, мақсатты қалаптастару мен дамыту процесі.

Оқыту процесі - бұл білім беру, тәрбиелеу және дамыту міндеттерін іске асыруға бағытталған оқытушы мен оқушыарасындағы мақсат бағдарлы өзара байланысты іс - әрекет.

Іскерлік - алған білім негізінде оқушылардың практикалық әрекетінің іске асырылуы. Білімсіз қандай болса да іскерлік болуы мүмкін емес.

Дағды - бұл қайта-қайта орындалатын практикалық әрекетте машықтандыру.

Оқытуды ұйымдастыру формасы – оқыту процесінің мақсаттары мен міндеттерін іске асырудағы мұғалім мен оқушылардың іс - әрекетінің сыртқы көрінісі.

Оқыту әдістері – оқытудың мақсатты міндеттеріне сай оның мазмұнын оқушыларға меңгертуде мұғалім мен оқушылардың қолданатын амал-тәсілдері мен құралдарының жиынтығы.

Оқу тәсілдері – оқыту әдісінің құрамды бөлігі немесе бір қыры, яғни жалпы “әдіс” түсінігіне байланысты жалқы ұғым.

Оқу құрал-жабдықтары – бұл білім алу, ептіліктерді қалыптастыру көздері. «Оқу құрал –жабдықтары» түсінігі кең және тар мағынада қолданылады. Тар мағынада бұл түсінік оқу және көрнекі құралдары, көрсетпе жабдықтар, техникалық саймандар және т.б. байланысты. Ал кең мағынада оқу құрал-жабдықтары деп білім мақсатын іске асыруға көмекші жағдаяттардың бәрі деп түсінеміз, яғни оқыту әдісі, формасы, мазмұны, сонымен бірге оқудың арнайы бұйымдарының бәрі осы оқу жабдықтарын құрайды.

Бақылау – кең көлемде бір нәрсені тексеру деген мағынаны білдіреді. Бақылау оқыту процесінде оқушылардың оқу әрекетіне басшылық жасау қызметін атқарады, олардың шығармашылық күші мен қабілетінің дамуына ықпал етеді.

Бағалау – оқытудың құрамдас бөлігі және қорытындылау сатысы. Бағалау, бір нәрсенің деңгейін, сапасын, дәрежесін белгілеу. Оны оқушының оқу-таным әрекетінде қарастырсақ оқыту процесінің міндеттерін оқушылардың қандай дәрежеде меңгеруі, дайындық деңгейі мен дамуын, білімдерінің сапасын, білік пен дағды көлемін анықтайтын құрал.

Педагогикалық технологиялар – теориялық білімдерді тұтас педагогикалық үрдістің қызметін практика жүзінде іске асыруға бағытталған және сол үрдіс нәтижелерін кезеңдер бойынша өлшеп, тұлғаның да, ұжымның да даму динамикасын көруге болатын, педагогтар мен оқушылардың өздерін-өздері дамытуларына мүмкіндік тудыратын жүйелі іс-әрекеттер кешені.

Қатысымдық әдіс – оқушы мен оқытушының тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын, белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тілдік қатынас пен әдістемелік категорияларына тән басты белгілер мен қағидалардың жүйесінен тұратын, тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілді қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзіне асыратын әдіс.

Жобалап оқыту – оқушының жеке тұлғалық қабілеттерін заманауи талаптарға сай дамытуға, шығармашылық, танымдық қабілеттерін жан-жақты жетілдіруге жол ашатын жаңа оқыту түрі

Эссе – білім алушының пәндік білімі мен білігін танытатын қорытынды жазба жұмыс түрі

Сыни ойлау – неге сену керектігі мен нені жасау керектігін шешуге бағытталған саналы түрде рефлексивті ойлау.

3) Бағдарламаның тақырыптық мазмұны

1. Қазақ тілі мен әдебиетін заманауи әдіс-тәсілдермен оқытудың ғылыми-теориялық негіздері.
Қазақ тілі мен әдебиетін заманауи әдіс-тәсілдермен оқытудың педагогика-психологиялық негізі
2. Оқытуды ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық негіздері.
Білім беру жүйесіндегі жаңаша бағыттардың теориялық негіздері.
Білім беру жүйесінің басты сипаты туралы түсінік.
3. Қатысымдық оқыту технологиясы. Қатысымдық оқыту технологиясының өзіндік ерекшеліктері
4. Қазақ тілін оқытудың жаңа бағыты. Жазба жұмыс түрлері. Эссе жазу технологиясы
5. Педагогикалық өлшем негіздері. Тест құрастыру технологиясы.
6. Топтық жұмыс түрлерін жүзеге асырудың ұтымды әдістемесі.
Топтық жұмыс түрлері
7. Командалық оқыту әдістемесі
8. Жобалап оқыту әдістемесі
9. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы
10. Бағдарламалық қосымшалар мен ақпараттық ресурстар.
11. LearningApps - өзін-өзі тексеру мен жетілдіру қосымшасы
<https://learningapps.org/>
12. Padlet – сабақ тақырыбы бойынша сандық материалдарды құрастыру, сақтау қосымшасы <https://ru.padlet.com/>
13. ZipGrade – тесті жылдам тексеруге арналған қосымша
<https://www.zipgrade.com>
14. Quizizz – викторина құрастыруға арналған сервис
<https://quizizz.com>
15. Flippity – әртүрлі интербелсенді жаттығулар құрастыру сервисі
<https://www.flippity.net/>
16. Thinglink – мультимедиялық плакаттар құрастыру сервисі
<https://www.thinglink.com>

4) Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Мақсаты: - қазақ және орыс тілдерінде оқытатын білім беру ұйымдарының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің педагогтерін оқытудың заманауи әдіс-тәсілдерімен таныстырып, білім берудің жаңа парадигмасы талаптарына сай оқытудың тиімділігін арттыру үшін пән мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту.

Міндеттері:

- қазақ тілі мен әдебиетін заманауи әдіс-тәсілдермен оқытудың ғылыми-теориялық негіздерін саралау;
- әдістеме саласындағы соны өзгерістермен таныстырып, оны тиімді қолданудың жолдарын көрсету;
- қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда топтық жұмыс түрлерін жүзеге асырудың ұтымды әдістемесін ұсыну;
- эссе жазудың әдістемесі және технологиясымен таныстыру;
- тест құрастыру технологиясын меңгерту;
- сын тұрғысынан ойлау технологиясын іске асыру жолдарын қарастыру;
- бағдарламалық кешендер мен ақпараттық ресурстарды игерту.

Күтілетін нәтижелері:

- Білім берудің жаңа парадигмасы талаптарына сәйкес пәнді оқыту әдістемесі бойынша білімдерін көрсетеді;
- әдістеме саласындағы заманауи әдіс-тәсілдерді оқу үдерісінде тиімді қолданудың жолдарын меңгереді.
- оқыту тәжірибесінде IT-технологиялар мен ақпараттық ресурстарды қолданады.

5) Бағдарлама құрылымы мен мазмұны

Оқу-тақырыптық жоспар

№ р/с	Тақырып атауы	Сағат саны
1	2	3
1	1-модуль. Заманауи білім беруді дамытудың нормативтік және педагогика-психологиялық негіздері	
1.1	Қазақ тілі мен әдебиетін заманауи әдіс-тәсілдермен оқытудың ғылыми-теориялық негіздері. Қазақ тілі мен әдебиетін заманауи әдіс-тәсілдермен оқытудың педагогика-психологиялық негізі	4

1.2	Оқытуды ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық негіздері. Білім беру жүйесіндегі жаңаша бағыттардың теориялық негіздері. Білім беру жүйесінің басты сипаты туралы түсінік.	2
2	2-модуль. Білім беру сапасын арттыру мазмұны мен әдіс-тәсілдері	
2.1	Қатысымдық оқыту технологиясы. Қатысымдық оқыту технологиясының өзіндік ерекшеліктері	6
2.2	Қазақ тілін оқытудың жаңа бағыты. Жазба жұмыс түрлері. Эссе жазу технологиясы	6
2.3	Педагогикалық өлшем негіздері. Тест құрастыру технологиясы.	4
2.4	Топтық жұмыс түрлерін жүзеге асырудың ұтымды әдістемесі. Топтық жұмыс түрлері	6
2.5	Командалық оқыту әдістемесі	4
2.6	Жобалап оқыту әдістемесі	6
2.7	Сын тұрғысынан ойлау технологиясы	4
3	3-модуль. Технологиялық модуль	
3.1	Бағдарламалық қосымшалар мен ақпараттық ресурстар.	2
3.2	LearningApps - өзін-өзі тексеру мен жетілдіру қосымшасы https://learningapps.org/	4
3.3	Padlet – сабақ тақырыбы бойынша сандық материалдарды құрастыру, сақтау қосымшасы https://ru.padlet.com/	4
3.4	ZipGrade – тесті жылдам тексеруге арналған қосымша https://www.zipgrade.com	4
3.5	Quizizz – викторина құрастыруға арналған сервис https://quizizz.com	4
3.6	Flippity – әртүрлі интербелсенді жаттығулар құрастыру сервисі https://www.flippity.net/	4
3.7	Thinglink – мультимедиялық плакаттар құрастыру сервисі https://www.thinglink.com	4
3.8	Қазақ тілінің ұлттық корпусымен жұмыс жасау https://qazcorpus.kz/	4
БАРЛЫҒЫ:		72

6) Оқыту үрдісін ұйымдастыру

Кәсіби дамыту курстары келесі режимде ұйымдастырылады:

1. дәстүрлі оқыту;
2. қашықтан оқыту технологияларын пайдалана отырып оқыту.

Оқыту, курстың оқу-тақырыптық жоспарына сәйкес ұйымдастырылады.

Курстың ұзақтығы 72 сағатты құрайды.

Оқыту процесі оқытушы мен тыңдаушылар арасындағы интерактивті ынтымақтастыққа негізделген, оқыту процесіне қатысушы әрбір адамның оптималды ашылуына ықпал етеді. Олар педагогикалық әрекеттестіктің қатысушыларының байланыс интенсивтілігінің жоғары деңгейімен, әрекет түрлері мен формаларының ауысуымен және алуандығымен, тыңдаушылардың шығармашылық әлеуетінің ашылуымен, олардың адамгершілік-рухани жетілуімен сипатталады.

Білім беру процесін ұйымдастыру кезінде келесі оқыту формалары мен әдістері қолданылады: лекция-диалог, практикалық сабақтар, тыңдаушылардың жеке жұмысы, консультациялар, онлайн-консультация және тыңдаушының оқытушымен жеке жұмысы, шағын топтардағы жұмыс.

7) Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

- нормативтік-құқықтық құжаттар;
- оқу құралдары, материалдық-техникалық база

8) Оқу нәтижелерін бағалау

Курсты оқып бітіргеннен кейін тыңдаушылар курс бойынша әр тақырыпқа презентацияны қорғайды.

Бағдарлама бойынша алынған білімнің тереңдігін анықтау үшін презентацияны бағалаудың критерийлері анықталған:

1. Курстың бір тақырыбы бойынша материалдың презентацияда көрініс табуы.
2. Таңдалған тақырып бойынша презентацияның анық логикалық құрылымы.
3. Интернеттен алынған материалдардың дұрыс пайдаланылмауының болмауы.
4. Компьютерлік сауаттылық.

9) Курстан кейінгі сүйемелдеу

Курстан кейінгі сүйемелдеу қызметі, кәсіби дамыту бағдарламасы бойынша оқыту курстарын аяқтаған педагогтермен бірге, оқыту бағдарламасын жүзеге асыратын ұйымның оқытушылары (тренерлері) арасындағы өзара әрекеттестікте жүзеге асырылады. Бұл әрекеттестік әр түрлі

байланыс құралдарын (электрондық пошта, бейне конференция платформалары, интернет-платформалар, мессенджерлер және т.б.) қолдану арқылы іске асырылады.

Кәсіби дамыту курсы аяқтаған педагогтерге арналған курстан кейінгі сүйемелдеу формалары:

1. Әдістемелік сүйемелдеу, оған кіреді: оқытушылар (тренерлер) тарапынан семинарлар, вебинарлар өткізу; «Әлем өркениеттерінің тарихы» курсы бойынша оқыту әдістемесіне қатысты мәселелер бойынша педагогтерді консультациялау.

2. Педагогтер тарапынан курсты аяқтағаннан кейінгі алғашқы күнтізбелік жыл ішінде іс-шараларды іске асыру.

3. Бағдарлама бойынша алынған білімді тәжірибеде сәтті қолданып жатқан педагогтерді ұйымдастырушылық іс-шараларға қатысуға тарту; олардың тәжірибесінен алынған материалдарды жариялау.

10) Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
2. Педагог мәртебесі туралы. Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ – <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>
3. Пидкасистый П.И. Процесс обучения в условиях демократизаций и гуманизаций школы: уч. пособие. – М.: МОПИ, 2010. -75с.
4. Мұқанова Қ.Қ. Білім берудегі жаңа технологиялар: теориясы және әдістемесі. –Семей: Интеллект, 2015. -148б.
5. Қазақ тілін орыс тілді мектептерде интерактивті оқыту технологиясы. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 48 б.
6. Кузина, И. В. Методические рекомендации по написанию эссе/ И.В.Кузина [электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://pionerov.ru>.
7. Методические рекомендации по написанию эссе [электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://elib.bsu.by>.
8. Методические рекомендации по написанию ЭССЕ [электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.lyceum130.ru>.
9. Рекомендации по написанию эссе [электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://e-learn.krsu.edu.kg>.
10. Эссе - что такое, как писать, сочинение эссе, примеры по обществознанию и др., эссе на тему ... [электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.khstu.ru>.
11. Полат Е.С. Метод проектов: история и теория вопроса //Школьные технологии. –2006. №6. С.43-46
12. Сатбекова А.А. Қазақ тілін өзгетілді дәрісханада жобалай оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері (гуманитарлық бөлім).